

**А** **И К Ы Н**

# ХАН ТӘҢІРІ – КӨК АСПАННЫҢ ТІРЕГІ



Таяуда Ұлттық музей жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жобасы бойынша Қазақстандағы қасиетті жерлердің тізімі жасалып, оған еліміздегі киелі саналатын 100 нысанның тізімі енгізілді. Оның ішінде қазақ баласы қасиет тұтатын орындар мен киелі мекендер, ортағасырлық қалалар, сондай-ақ күні кеше салынған тәуелсіздікпен құрдас ғимараттар да бар. Біз бүгін солардың ішіндегі табиғи қасиетті нысандар қатарында есепке алынған Хан тәңірі шыңымен байланысты тарихты және оған тиесілі рухани құндылықты сөз еткелі отырмыз.

– Хан тәңірі – бұлт жамылып, мұз киген,

Хан тәңірі – көкті құшып, күн сүйген,

Хан тәңірі жерге басын имеген,

Хан тәңірі – көк әлемін билеген.

Хан тәңірі – қаһарынан қайтпаған,

Хан тәңірі – ешкімге сыр айтпаған.

Хан тәңірі – ешкімге бой бермеген,

Хан тәңірі – еш бағынып көрмеген.

Хан тәңірі – қабағынан қар жауған,

Хан тәңірі – балағынан қан тамған,

Хан тәңірі – бағынбасқа серт қылған,

Хан тәңірі – қарсыласқан, мерт қылған, –

деп қыран ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, Хан тәңірі – қазақ жерінің ең биік нүктесінің бірі. Тек қазақтың емес, солтүстік жер шарындағы ең биік нүкте. Фудзияма – жапон елінің нышаны, жапондардың қасиет тұтатын тауы болса, Хан тәңірі шыңын да қазақ қашаннан қасиет тұтқан. Хан тәңірі деген ұғымның мағынасы «Рухтар әміршісі, құдайлар патшасы, аспан әміршісі» деген мағынаны білдіреді. Жыл сайын ондаған мың адам көтерілетін Фудзияма – Жапонияның ең биік жері (3776 м). Хан тәңірінің биіктігі 7120 метр деп белгіленген. Тянь-Шанның ең биік шыңы – 7439 метрлік Жеңіс шыңы анықталғанға дейін Хан тәңірі ең биік шың саналып келді. Хан тәңірін де жапонның Фудзияма шыңы сияқты үнемі басын бұлт бүркеп тұрады, көзге сирек шалынады. 1857 жылы Семенов–Тянь-Шанский Тянь-Шань биік таулы тобын зерттей келе былай деп жазып қалдырыпты: «Біз күндізгі сағат бірлер шамасында таулы өткел үстіне жеткенімізде көз шағылысардай күтпеген көрініске тап болдық. Біздің тура оңтүстігімізден өз басым бұрын-соңды көрмеген ең үлкен жотаны көрдім. Жотада төбесін қар басқан оқшау алыптар жатыр. Соның ішінде пирамида тәрізді үшкіл ақ басты шың басқалардан екі есе биік көрінді...». Бұл, әрине, аңызға айналған Хан тәңірі шыңы болатын.

Хан тәңірінің қырғызша атауы Кан-Тоо, яғни «Хан тауы» немесе «Қанды тау». Қырғыз орфографиясында «к» әрпі жоқ, сондықтан «кан» деп жазылады да «қан» деп айтылады. Семенов-Тянь-Шанскийдің жазуына қарағанда, жергілікті тұрғындар шыңның бір жақ шекесінің батар күннің шұғыласына бөленіп, оттай лаулап қызаратынына байланысты «қанды тау» атап кеткен көрінеді. Көзімен көргендердің айтуы бойынша, шыңында да, күн ұясына қонарда кешкі шапақпен шың басы өзгеше алаулап, тау басымен жүгірген алакөбең бұлт көлеңкелерімен құбылып, қып-қызыл қан шапшып тұрғандай көрінеді. Шыңның осы қырғызша «қанды тау» атын табиғаттың осы тосын көрінісімен бірге Шыңғыс ханға апарып телитіндер де бар. Ежелгі заманда адамдар Хан тәңірінің түбіндегі көлге келіп, Тәңір тауына арнап құрбандық шалатын болған-мыс. Хан тәңірінің қанды тау атын шыңды бағындырушылардың қазасымен байланыстыратындар да бар. Соңғысына сүйенсек, бұрынғыларын қоспағанның өзінде, тек соңғы жылдардағы Хан тәңірінде болған адам өлімдерінің өзі шыңның шыңында да, осы «қанды тау» атын ақтағандай көрінеді. Мәселен, 1986 жылы Хан тәңірінде альпинистер Юрий Филимонов, Александр Шербаков және Албар Алпаров қар көшкініне тап болып, көз жұмды. 1993 жылы ішінде құрамында еңбек сіңірген спорт шебері, Эвересті бағындырған Валерий Хрищатый бар екі алматылық және үш ағылшын альпинисі шыңға шығар жолда қайтыс болды. 2000 жылы тамыз айында Хан тәңірін бағындыру жолында екі ресейлік және бір белорус альпинист қар көшкініне тап болып, қаза тапты. 2001 жылы 5 тамыз күні шыңда жорықта жүріп Иван Москалев көз жұмды. 2003 жылы тамызда Хан тәңірінде 22 жастағы польшалық альпинист Ануш Прохожко опат болды. 2004 жылы тамыз айында шыңды бағындыру жолында жеті чех азаматы опат болды. Бұл тізімді жалғастыра берсек, созылып кетуі мүмкін. Аспантаудың алып шыңдарының бірі Хан тәңірі үш мемлекеттің: Қазақстан, Қырғызстан және Қытайдың шекарасында орналасқан. Қазақстанға таудың солтүстік бөлігі қарайды.

Қазақ жерінің ең биік нүктесінің бірі – Хан тәңірі (6995 метр; басқа дерек бойынша – 7010 метр) жайындағы тұңғыш мәлімет бұдан 1200 жылдан астам уақыт бұрынғы Қытай жылнамаларында кездеседі. Бірақ шыңның тұңғыш рет ғылыми түрде ашылған кезі – ХІХ ғасырдың ортасы. 1856-1857 жылдары Тянь-Шаньға жасаған атақты сапарында белгілі орыс географы және саяхатшысы Семенов-Тянь-Шанский Хан тәңіріне байланысты көрген-білгенін алғашқы болып хатқа түсірді. Осы жарық көрген ғылыми мәлімет орыс және шет елдің көптеген зерттеушілері мен альпинистерінің шыңға деген ынта-ықыласын аударды. Сөйтіп, 1864, 1876, 1886 жылдары орыс және шет ел оқымыстылары мен шың бағындырушыларының Хан тәңіріне бірнеше мәрте экспедиция ұйымдастыруына түрткі болды. Бірақ ХХ ғасырға дейін атақты шыңды бағындыруды ешкім қаперіне алған жоқ. Жоғарыдағы от бүркіп, шоқ шашқан Қасым ағасының жолын қуған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та «Хан тәңірі» жырында:

– Шыңның мен танымаймын аласасын.

Төбеде аласамен таласасың.

Тянь-Шаньның шашақтаулы найзасындай

Қайсың Хан тәңірімен жанасасың?

Шыңның мен ұнатамын биіктігін,

Шырқай кеп шыңырау көктен сүйіпті Күн.

Түндігін түртіп тұрған көк аспанның,

Қанеки, Хан тәңірінен иықты кім?!

Егерде құдірет болса, бөлшегіндей

(Алдында құдіреттің көр шегінбей.)

Шаншылып энеу тұрған Хан тәңірі –

Шапшыған Тянь-Шаньның емшегіндей, –

деп суреттеген Хан тәңірінің биіктігін өлшеу талай саяхатшы мен ғалымның арманы болған. 1900 жылы италиялық княз, географ және шың бағындырушы Ч.Боргезе мен М.Цурбригтен бірінші болып Хан тәңірінің басына шығуға талпыныс жасағанмен, орта жолдан қайтуға мәжбүр болды. Олар жеткізген мәлімет бойынша, 1902 жылы неміс географы және альпинист Мерцбахер нарынқолдық аңшы Н.Нобаковты жолбасшы етіп алып, таудың 5500 метр биігіне дейін көтерілді. Бірақ жып-жылтыр мұздан жасалған пирамида іспетті Хан тәңірінің сұсты бейнесіне көз жүгірткен сайын, ары қарай жүруге жүрегі дауаламай, шыңды бағындыру үмітін үзуіне тура келді. Сөйтіп, өзінің күнделігіне: «Тянь-Шань – альпинистер қызығатын орын емес» деп жазып қалдырды. Дегенмен Мерцбахердің Хан тәңірінің орналасқан жерін анықтаған сызбалары көп жылға дейін картографиялық құнды құжат ретінде маңызды рөл атқарды. География ғылымы немістің осы айтулы азаматына таудың биіктігін анықтап бергені

үшін де қарыздар. Сол кездегі прибордың көрсетуі бойынша, Хан тәңірінің биіктігі 7000 метрге жуық. Мерцбахерден кейін Хан тәңіріне 27 жылдан кейін ғана жол түсті. 1929 жылы мәскеулік жас альпинистердің шынды бағындырмақ болған әрекеті қайғылы түрде аяқтала жаздап, жорықшылар келген ізімен кері қайтуға мәжбүр болды. Дәл осы жылы Орталық Тянь-Шань тауларын тыңғылықты түрде зерттеуді қайтпас қайсар украиналық саяхатшы-альпинист Т.Погребецкий қолға алды. Ол басқарған экспедицияның іргелі зерттеуі нәтижесінде Тянь-Шань туралы география ғылымы соны деректермен біршама молыға түсті. 1931 жылы Погребецкий өзі басқарған жорықшылар алдына Хан тәңірін қалай да бағындыру мақсатын батыл қойды. Сөйтіп, бөгет болар небір табиғи қиыншылықтарға және қазіргідей жетілген құрал-жабдықтың жоқтығына қарамай, шың басына оң жағынан беттеген экспедиция көп ұзамай жердегі әлеммен байланысты жоғалқанына қарамастан, көздеген мақсаттарына жетті. 1931 жылы 11 қыркүйек күні жаужүрек Михайл Погребецкий, Борис Тюрин және Франц Зауберер Хан тәңірінің ұшар басында тұрды. Бұны Ұлы Жеңіс деп атауға болатын. Шың басына апарған осы жол әлі күнге дейін ең оңтайлы классикалық маршрут саналады. Погребецкий бастаған топ шыңның биіктігін теңіз деңгейі бойынша анықтады. Ол бойынша Хан тәңірінің биіктігі 6995 метр болып белгіленді. Ал бүгінгі өлшем бұдан басқаша, 7000 метрден асады. Мұны кейбіреулер коммерциялық қызығушылықтан туған өлшем, себебі туризм – ең көп түсім түсіретін бизнес, сондықтан бұл жерде нарықтық экономика басты рөл ойнауы мүмкін деседі. Кім білсін...

Соғысқа дейін адамдар Хан тәңірінде тағы да екі рет болып қайтты. 1936 жылы 12 адамнан құралған алматылық альпинистер тобы шыңға батыс жағынан өрледі. Сөйтіп, олардың ішінен үш адам: Колокольников, Тютенников және Кибардин ғана шың басына көтерілді. Алматылықтардың ізімен іле-шала аттанған мәскеулік альпинистер тобының талпынысы сәтсіз аяқталып, бір адамның өліміне әкеп соқты. Қалың қар көшкініне тап болған мәскеулік топтың біразы үсіп қалып, ұшақ арқылы әрең құтқарылды. 1964 жылы мәскеулік альпинистер К.Кузьмин мен Б.Романов Хан тәңіріне солтүстік және оңтүстік жағынан жаңа бағыт салды. 1964 жылы «Труд» командасы құрамында Лидия Романова әйелдер арасынан тұңғыш рет Хан тәңірі шыңын бағындыруға қатысты. 1970 жылы «Локомотив» және «Труд» атымен белгілі альпинистер тобы шыңға көтерілді. 1974 жылы шыңның солтүстік қабырғасын Э.Мысловский мен Б.Студенин бағындырды. Хан тәңірін 1988 жылы Е.Дармин мен А.Савин шығыс жағынан шығып бағындырды. 1989 жылы шынды алматылықтар тағы да бағындырды. 2015 жылы 15 тамызда пайғамбар жасындағы Глеб Соколов Хан тәңірі шыңына 33 рет шығып, рекорд жасады. Қазақ халқының атынан Мақсұт Жұмабаев Хан тәңірі шыңын тұңғыш рет 2012 жылы бағындырды. Қазақ жерінің коды саналатын қасиетті шынды әлі де терең зерттеп, тарихы мен рухани құндылығын ұрпақ санасына сіңіру – алдағының міндеті. Хан тәңірінің әзірге біз білетін сыры осындай...

**Төреғали ТӘШЕНОВ**